

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ МЕН ӨНЕРКӘСІБІ ЖӨНІНДЕГІ "КАТЭП" ҰЛТТЫҚ АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫНА КІРЕТІН ХОЛДИНГ КОМПАНИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 20 мамыр 1994 ж. N 546

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 U931291_ Жарлығын басшылыққа ала отырып және Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясына кіретін кәсіпорындардың ерекшелігін ескеріп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясына "Тың кен-химия комбинаты" өндіріс бірлестігі мен "Үлбі металлургия зауыты" өндіріс бірлестігін оларға кіретін құрылымдық бірліктер құрамында акционерлендіру және "Каскор" акционерлік компаниясын холдинг компаниясы етіп қайта құру тапсырылсын.

2. Құрылған компанияларға "Тың кен-химия комбинаты" акционерлік компаниясы және "Үлбі" акционерлік компаниясы атауы берілсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті, "КАТЭП" ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылық басқару органдары жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығына сәйкес "Каскор" акционерлік компаниясының құрылтай құжаттарына қажетті өзгерістер енгізетін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі